ЖАМБЫЛ АУДАНДЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

# ŞŪĞYLA-RADUGA

№44 (6582), 5 маусым 2026 жыл

Газет 1966 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады

Аудан айнасына 60 жыл

РӘМІЗДЕРІМ – МАҚТАНЫШЫМ!

# ӘНҰРАНЫМ – АЙБЫНЫМ, КӨК БАЙРАҒЫМ – БАЙЛЫҒЫМ!




**1992 жылдың 4 маусымында тәуелсіз Қазақстанның жаңа мемлекеттік рәміздері алғаш рет бекітілді. Мемлекеттің мызғымас негіздері саналатын көгілдір түсті Туымыз бен ортасында шаңырақ бейнесіндегі алтын сәулелі күн орныққан Елтаңбамыз бүкіл әлемге егеменді Қазақстан Республикасы аталатын жаңа тәуелсіз мемлекет бейнесін паш етті.**

**Ильяс ҚАЛЫБЕКОВ**

Мемлекеттік рәміздерді қастерлеу – әрбір ел азаматының қасиетті парызы. Халқымыздың өткені, бүгіні мен болашағы арасын жалғайтын тәуелсіздігіміздің бойтұмарына айналған мемлекеттік рәміздерді қадірлеп, құрмет көрсету – әрқайсымыздың қастерлі борышымыз. Бұл Отан алдындағы борышымыз бен адалдығымызды танытатын, өскелең ұрпақ жадында патриоттық сезімді оятып, ұлтжандылықтың рухын сыйлайтыны анық. Сонда ғана ел болашағы беки түсіп, келешекке нық сеніммен қарауға болады. Көк Туымыз, Елтаңбамыз бен Әнұранымыз – еліміздің айбыны. Мемлекеттік рәміздеріміз арқылы біз ізгілік пен татулықты, бейбітшілік пен тыныштықты ту еткен ел екенімізді әлемге әйгілейміз.

Ш.Ниязбеков ауылындағы «Тутұғыр» мемориалдық кешенінде мемлекеттік рәміздер күніне арналған «Рәміздер рухы – Конституция күші» атты салтанатты жиында мемлекеттің егемендігі мен біртұтастығын бейнелейтін нышандарға құрмет көрсетілді. Әуелі мемлекеттік Ту көтеріліп, М.Төлебаев атындағы балалар өнер мектебінің оқушылар хоры көпшілікпен бірге Әнұранымызды орындады.

Аудан әкімі Ерлан Қыдыралыұлы мемлекеттік рәміздер турасында салмақты сөз сабақтап, жиналған қауымға ізгі тілегін арнады.

→ 8

ЖОЛДАУ ЖҮКТЕГЕН МІНДЕТТЕР

**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына арнаған Жолдауларында ауыл шаруашылығы саласын ел экономикасының негізгі қозғаушы күштерінің бірі ретінде айрықша атап келеді. Президент агроөнеркәсіп кешенін дамыту арқылы еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етіп қана қоймай, Қазақстанды әлемдік нарықта бәсекеге қабілетті аграрлық мемлекетке айналдыру қажеттігін үнемі назарда ұстап отыр.**

## ШАРУА ТҮЗЕЛСЕ, ӘЛЕУЕТ ӨРКЕНДЕЙДІ

**Мақсат ЖҰМАБАЕВ**

Жолдауда ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу үлесін арттыру, су ресурстарын тиімді пайдалану, заманауи технологияларды енгізу, ауыл тұрғындарының әл-ауқатын көтеру және мемлекеттік қолдау тетіктерін жетілдіру мәселелері нақты міндет ретінде белгіленген. Бұл бағыттар бүгінде еліміздің барлық өңірлерінде кезең-кезеңімен жүзеге асырылып келеді. Соның ішінде Жамбыл ауданында да аграрлық саланы дамытуға бағытталған жұмыстар жүйелі түрде жүргізілуде.

Аудан әкімдігінің мәліметіне сүйенсек, ауыл шаруашылығы саласында оң динамика қалыптасқан. Өткен жылдың қорытындысы бойынша жалпы ауыл шаруашылығы өнімінің көлемі 56 миллиард 584 миллион теңгені құрап, саладағы тұрақты өсімнің сақталғанын көрсетті. Оның ішінде өсімдік шаруашылығының үлесі 36 миллиард 893 миллион теңгеге жетсе, мал шаруашылығында өндірілген өнім көлемі 19 миллиард 285 миллион теңгені құрады.

→ 2

**Еліміздегі жетекші саяси күш ретінде қалыптасқан «Amanat» партиясы тәуелсіздік жылдарында мемлекетімізбен бірге өсіп, өркендеп келеді. Партия әр кезеңде ел дамуының маңызды бастамаларына ұйытқы болып, қоғамның өзекті мәселелерін шешуге белсене атсалысып келеді.**

## ПАРТИЯ ЖҰМЫСЫНЫҢ БАСТЫ ӨЛШЕМІ – ХАЛЫҚ СЕНІМІ



**Талап ӘБДІБЕКОВ, «Amanat» партиясы Жамбыл аудандық филиалының төрағасы.**

Соңғы жылдары ауданымызда өткен қоғамдық-саяси науқандар барысында аманаттықтар ұйымшылдық пен ауызбіршіліктің жарқын үлгісін көрсете білді. Соның нәтижесінде 2024 жылы аудандық мәслихаттың №2 және №13 сайлау округтері бойынша өткен депутаттар сайлауында, сондай-ақ Көлқайнар, Өрнек және Гродиково ауылдық округтері әкімдерінің сайлауында партия атынан ұсынылған кандидаттар жеңіске жетті. Ал 2025 жылы Аса, Ақбастау және Жамбыл ауылдық округтері әкімдерінің сайлауында, 2026 жылы Тоғызтарау мен Ерназар ауылдық округтері әкімдерінің сайлауында партиямыздың үміткерлері тұрғындардың қолдауына ие болды.

Бұл жетістіктердің барлығы – партия белсенділерінің, бастауыш партия ұйымдарының және барша партия мүшелерінің бірлескен еңбегінің нәтижесі.

→ 5

ХАБАРЛАНДЫРУ

Мемлекет басшысының «Әкімдердің халықпен кездесулерін өткізу туралы» Жарлығына сәйкес 2026 жылдың 18 маусымында Жамбыл ауданының әкімі Ерлан Қыдыралыұлы Бесағаш, Гродиково, Қызылқайнар ауылдық округтерінің тұрғындарымен кездесу өткізеді.

Бесағаш ауылы, ауылдық клуб, сағат 10.00.
Гродеково ауылы, ауылдық мәдениет үйі, сағат 12.00
Қызылқайнар ауылы, ауылдық мәдениет үйі, сағат 15.00
Өзгерістер болған жағдайда қосымша хабарланады.

ЖАЗЫЛЫМ- 2026

ЖАМБЫЛ АУДАНДЫҚ «ШҰҒЫЛА-РАДУГА» ГАЗЕТІНЕ «ҚАЗПОШТА» АҚ ЖӘНЕ РЕДАКЦИЯ АРҚЫЛЫ 2026 ЖЫЛДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫЖЫЛДЫҒЫНА ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР

KAZPOST

6 айға – 3763,50 теңге

РЕДАКЦИЯ АРҚЫЛЫ ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

6 айға – 2700 теңге

Жазылым индексі 68991

ЖАЗЫЛЫМ БӨЛІМІ: 2-17-98, 8 705 977 41 77

Шұғыла-Радуга Аудандық Қоғамдық-саяси Газеті shugyla.raduga_newspaper www.asaaqparat.kz

Соңы. Басы 1-бетте

# ШАРУА ТҮЗЕЛСЕ, ӘЛЕУЕТ ӨРКЕНДЕЙДІ



Президент Жолдауында инвестиция тарту мәселесіне де ерекше көңіл бөлінген болатын. Бұл тұрғыда ауданның көрсеткіші көңіл қуантады. Ауыл шаруашылығы саласына тартылған инвестиция көлемі шамамен 1 миллиард теңгеге жетіп, өткен жылмен салыстырғанда 67,3 пайызға артқан. Бұл ауданның аграрлық әлеуетіне деген сенімнің жоғары екенін аңғартады.

Есепті кезеңде аудан бойынша 52 мың гектарға жуық жерге ауыл шаруашылығы дақылдары егілді. Оның ішінде көпжылдық шөп пен көкөніс алқаптарының көлемі басым. Өткен жылы диқандар бидай, арпа, жүгері, картоп, бақша өнімдері, көкөніс және қант қызылшасынан мол өнім жинады. Сонымен қатар мал азығы қоры жеткілікті көлемде дайындалып, шаруашылықтардың қыс маусымына қажетті жем-шөп қоры толық қамтамасыз етілді.

Жолдауда еңбек өнімділігін арттыру үшін ауыл шаруашылығын техникалық жаңғырту міндеті қойылған. Осыған сәйкес аудан шаруашылықтары техника паркін жаңартуға басымдық беруде. Жалпы құны 869 миллион теңгеден асатын 100-ден астам ауыл шаруашылығы техникасы сатып алынып, өндіріске енгізілді. Бұл өз кезегінде егіс пен орақ жұмыстарын сапалы әрі уақтылы жүргізуге мүмкіндік береді.

Су ресурстарын тиімді пайдалану – Мемлекет басшысы көтерген өзекті мәселелердің бірі. Әсіресе климаттық өзгерістер жағдайында суармалы жерлердің өнімділігін сақтау маңызды міндет саналады. Осы бағытта Тоғызтарау ауылы аумағындағы Аса өзеніне гидротехникалық нысан салынып, «Сұлтан» каналына шлюз орнатылды. Сонымен қатар бірнеше ауылдық округте каналдарды тазалау, бетон науалар орнату және су жүйелерін қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді.

Биыл да бұл жұмыстар жалғасуда. Ащыбұлақ ауылындағы «Марқабай» каналы мен Ақбастау ауылдық округіндегі «Қызыларық» каналы тазартылып, «Қызыларық» каналына 15 миллион теңгеге темірбетон лотоктар орнату жоспарланған. Мұндай жобалар су шығынын азайтып, суармалы жерлердің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Мал шаруашылығын дамыту бағытында да бірқатар маңызды жобалар жүзеге асырылуда. Аудан аумағында мал шомылдыратын орындар жасақталып, ветеринариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету шаралары қолға алынған. Аса ауылында жеке кәсіпкердің бастамасымен құны жарты миллиард теңгеге жуық ірі мал сою алаңы іске қосылды. Заманауи талаптарға сай жабдықталған кәсіпорын күніне жүздеген ұсақ мал союға қауқарлы.

Сонымен қатар биыл аудандық бюджет есебінен Бірлесу-Еңбек және Ерназар ауылдарынан жалпы құны 68,1 миллион теңгені құрайтын ветеринариялық пункттер сатып алу жұмыстары жүргізілуде. Бұл ауылдық жерлердегі ветеринариялық қызмет сапасын арттыруға ықпал етеді.

Жер ресурстарын тиімді пайдалану да мемлекет саясатының маңызды бағыты болып табылады. Осыған сәйкес 2025 жылға игерілмеген жерлерді мемлекет меншігіне қайтару жоспары 4000 гектар болып белгіленген еді. Жыл қорытындысында жоспар артығымен орындалып, 4040 гектар жер мемлекет меншігіне қайтарылды. Оның ішінде 257 гектары суармалы егістік, 74 гектары суарылмайтын егістік, 3620 гектары жайылым, 74 гектары шабындық және 15 гектары өзге санаттағы жерлер.

Президент ауыл тұрғындарының кәсіпкерлік бастамаларын қолдау қажеттігін де ерекше атап өткен болатын. Осы бағытта жүзеге асырылып жатқан «Ауыл аманаты» жобасы нақты нәтижесін беруде. Өткен жылы аталған жобаның бесінші бағыты бойынша Жамбыл ауданынан жеке кәсібін ашуға ниетті 56 жобаға жалпы көлемі 400 миллион теңге қаржы бөлінді.

Мемлекеттік қолдау шаралары да жыл сайын артып келеді. Өткен жылы аудан бойынша 525 шаруашылыққа жалпы көлемі 3 миллиард 147 миллион теңге мемлекеттік қолдау көрсетілді. Бұдан бөлек, «Аграрлық несие корпорациясы» және «ҚазАгроҚаржы» акционерлік қоғамдары арқылы 64 шаруашылыққа 1,5 миллиард теңге көлемінде жеңілдетілген несие берілді. Ал «Дихан» несиелік серіктестігі арқылы егін шаруашылығындағы 3 жобаға 77,9 миллион теңге, мал шаруашылығындағы 3 жобаға 23,3 миллион теңге көлемінде қаржы бағытталды.

Жалпы, Жамбыл ауданында жүзеге асырылып жатқан жұмыстар Мемлекет басшысы белгілеген міндеттердің кезең-кезеңімен орындалып жатқанын көрсетеді. Инвестиция көлемінің артуы, суармалы жерлердің тиімді игерілуі, техника паркін жаңарту, мемлекеттік қолдау тетіктерінің кеңеюі және ауыл кәсіпкерлігінің дамуы – ауданның аграрлық әлеуетінің нығайып келе жатқанының айқын дәлелі.

Президент Жолдауында айтылғандай, ауыл шаруашылығы – экономиканың ғана емес, ел болашағының берік тірегі. Сондықтан бұл саладағы әрбір жетістік ауыл тұрғындарының әл-ауқатын арттырып, өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына жаңа серпін береді деген сенімдеміз.





ЖЕМҚОРЛЫҚТЫ ЖОЮ – МІНДЕТ

# ЕЛ ДАМУЫН ТЕЖЕЙТІН КЕСЕЛ

**Сыбайлас жемқорлық – мемлекеттің дамуын тежейтін,заң үстемдігін бұзатын және азаматтарымыздың әділдікке деген сенімін бұзатын ең қауіпті кесел. Бұл – жай ғана заң бұзушылық емес, ұлттық қауіпсіздікке төнген тікелей қатер. Бүгінгі таңда парақорлықпен күрес әрбір азаматтың басты міндетіне айналуы тиіс.**



Әлеуметтік дерт экономикалық шығынға, қаржының тиімсіз жұмсалуына, әлеуметтік теңсіздікке, бай мен кедей алшақтығына сеп болуда. Кеселмен күрес ашықтық пен цифрландыру, адами факторды барынша азайту, заңның қаталдығы, жауапкершіліктен ешкімнің қашып құтылмауы, сананың өзгеруі, бала кезден адалдық құндылығын сіңіру, қоғамдық бақылау, әр бұзушылыққа бейжай қарамау секілді бағыттар бойынша жүргізіліп келеді.

Жемқорлықты жою тек құқық қорғау органдарының жұмысы емес. Бұл – ортақ жауапкершілік. «Саусақ бірікпей, ине ілікпейді» дегендей, бүкіл қоғам болып қарсы тұрғанда ғана біз таза, әділ әрі қуатты мемлекет бола аламыз. Адалдық негізгі қағидатымыз бен ұстанымымызға айналуы тиіс.

**Айтжан БАДАН,**
**Қарасу ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы.**

КОМИССИЯ ОТЫРЫСЫ

# ӘКІМ САЙЛАУЫ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

**Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының кезекті отырысында Жамбыл ауданына қарасты Бесағаш және Қызылқайнар ауылдық округтері әкімдерінің сайлауын тағайындау туралы шешім қабылданды.**



Комиссия мүшелерінің қатысуымен өткен кеңес отырысында ауылдық округ әкімдерін сайлауды ұйымдастыру мен өткізудің негізгі бағыттары талқыланып, сайлау науқанына дайындық жұмыстары пысықталды. Қабылданған шешімге сәйкес, Бесағаш және Қызылқайнар ауылдық округтері әкімдерінің сайлауы 2026 жылғы 12 шілдеде өтеді.

Отырыс барысында сайлауды әзірлеу және өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың күнтізбелік жоспары бекітіліп, сайлау науқанының заң талаптарына сай әрі ашық өтуін қамтамасыз етуге бағытталған ұйымдастырушылық мәселелер қаралды.

Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы Еламан Алпысбаев сайлау науқанын жоғары деңгейде ұйымдастырудың маңыздылығына тоқталып, барлық жауапты тұлғаларға заңнама талаптарының қатаң сақталуын қамтамасыз етуді тапсырды. Сондай-ақ сайлауды әзірлеу мен өткізу барысында кемшіліктер мен заң бұзушылықтарға жол бермеу қажеттігін ескертіп, бұл мәселе тұрақты бақылауда болатынын атап өтті.

**«Шұғыла»-ақпарат.**

## Жамбыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясының ХАБАРЛАМАСЫ

*(Аса ауылы, Абай көшесі №102, тел: 2-12-06, 5-05-63)*

Жамбыл ауданы Бесағаш және Қызылқайнар ауылдық округтері әкімдерінің сайлауы 2026 жылғы 12 шілдеге тағайындалуына байланысты, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңының 13-бабының 4-тармағы және Жамбыл ауданы Бесағаш және Қызылқайнар ауылдық округтері әкімдерінің сайлауын әзірлеу мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың күнтізбелік жоспарының 3-тармағына сәйкес, Жамбыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы келесі құрамы жөнінде хабарлайды:

**Комиссия төрағасы** – Алпысбаев Еламан Ғалымжанұлы.

**Комиссия төрағасының орынбасары** – Қалшымбетов Бауыржан Құттыбайұлы.

**Комиссия хатшысы** – Затыбеков Орынбасар Қасымбекұлы.

**Комиссия мүшелері** – Байкеева Қарлығаш Оңғарбайқызы, Бекболатов Ардан Тәжібайұлы, Рысбеков Жандар Расылханұлы, Ошақбай Қуат Қанатұлы.

## СООБЩЕНИЕ Жамбылской районной территориальной избирательной комиссии

*(село Аса, улица Абая №102, тел: 2-12-06, 5-05-63)*

В связи с назначением на 12 июля 2026 года выборов акимов Бесагашского и Кызылкайнарского сельских округов Жамбылского района и в соответствии с пунктом 4) статьи 13 Конституционного закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан» и пункта 3 календарного плана основных мероприятий по подготовке и проведению выборов акимов Бесагашского и Кызылкайнарского сельских округов Жамбылского района, Жамбылская районная территориальная избирательная комиссия сообщает следующий состав:

**Председатель комиссии** – Алпысбаев Еламан Галымжанулы.

**Заместитель председателя комиссии** – Калшымбетов Бауыржан Куттыбаевич.

**Секретарь комиссии** – Затыбеков Орынбасар Касымбекулы.

**Члены комиссии** – Байкеева Карлыгаш Онгарбаевна, Бекболатов Ардан Тажибаевич, Рысбеков Жандар Расилханович, Ошакбай Куат Канатович.

## ЖАМБЫЛ АУДАНЫНДА БЕСАҒАШ ЖӘНЕ ҚЫЗЫЛҚАЙНАР АУЫЛДЫҚ ОКРУГТЕРІНІҢ ӘКІМДЕРІН САЙЛАУ БОЙЫНША САЙЛАУ ОКРУГТЕРІН ҚҰРУ ТУРАЛЫ

*2026 жылғы 3 маусым* *№9* *Аса ауылы*

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 14-бабының 6) тармақшасына, 21-бабының 4-тармағына, 22-бабына сәйкес Жамбыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жамбыл ауданы Бесағаш және Қызылқайнар ауылдық округтері әкімдерін сайлау бойынша Бесағаш және Қызылқайнар ауылдық округтерінің шекарасында сайлау округтері құрылсын.

2. Сайлау округтері және олардың шекаралары мен аумақтық сайлау комиссиясының орналасқан жері көрсетілген мәліметтер Жамбыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясының интернет-ресурсында және аудандық «Шұғыла-Радуга» газетінде жариялансын.

**Комиссия төрағасы Е. АЛПЫСБАЕВ**
**Комиссия хатшысы О. ЗАТЫБЕКОВ**

## ОБ ОБРАЗОВАНИИ ИЗБИРАТЕЛЬНЫХ ОКРУГОВ ПО ВЫБОРАМ АКИМОВ БЕСАГАШСКОГО И КЫЗЫЛКАЙНАРСКОГО СЕЛЬСКИХ ОКРУГОВ ЖАМБЫЛСКОГО РАЙОНА

*3 июня 2026 года* *№9* *село Аса*

В соответствии с подпунктом 6) статьи 14, пунктом 4) статьи 21, статьей 22 Конституционного закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан» Жамбылская районная территориальная избирательная комиссия **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1. Образовать избирательные округа по выборам акимов Бесагашского и Кызылкайнарского сельских округов Жамбылского района в границах Бесагашского и Кызылкайнарского сельских округов.

2. Опубликовать сведения об избирательных округах с указанием их границ и местонахождения территориальной избирательной комиссии на интернет-ресурсе Жамбылской районной территориальной избирательной комиссии и в районной газете «Шұғыла-Радуга».

**Председатель комиссии Е. АЛПЫСБАЕВ**
**Секретарь комиссии О. ЗАТЫБЕКОВ**

## Жамбыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясының ХАБАРЛАМАСЫ

*(Аса ауылы, Абай көшесі №102, тел.: 2-12-06, 5-05-63)*

2026 жылғы 12 шілдеге тағайындалған Жамбыл ауданы Бесағаш және Қызылқайнар ауылдық округтері әкімдерінің сайлауын әзірлеу мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың Күнтізбелік жоспарына сәйкес Жамбыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы Жамбыл ауданы Бесағаш және Қызылқайнар ауылдық округтерінің әкімдерін сайлау бойынша сайлау округтерінің шекаралары жөнінде хабарлайды:

**1. Бесағаш ауылдық округі**
**(№155 сайлау учаскесі)**

**Шекарасы:** Бесағаш ауылы

**2. Қызылқайнар ауылдық округі**
**(№148, 149 сайлау учаскелері)**

**Шекарасы:** Қызылқайнар және Жасөркен ауылдары

## СООБЩЕНИЕ Жамбылской районной территориальной избирательной комиссии

*(село Аса, улица Абая №102, тел.: 2-12-06, 5-05-63)*

В соответствии с Календарным планом основных мероприятий по подготовке и проведению выборов акимов Бесагашского и Кызылкайнарского сельских округов Жамбылского района, назначенных на 12 июля 2026 года, Жамбылская районная территориальная избирательная комиссия сообщает о границах избирательных округов по выборам акимов Бесагашского и Кызылкайнарского сельских округов Жамбылского района:

**1. Бесагашский сельский округ**
**(избирательный участок №155)**

**Границы:** село Бесагаш

**2. Кызылкайнарский сельский округ**
**(избирательные участки №148, 149)**

**Границы:** села Кызылкайнар и Жасоркен

## ЖАМБЫЛ АУДАНЫ БЕСАҒАШ ЖӘНЕ ҚЫЗЫЛҚАЙНАР АУЫЛДЫҚ ОКРУГТЕРІ ӘКІМДЕРІНІҢ САЙЛАУЫН ТАҒАЙЫНДАУ ТУРАЛЫ

*2026 жылғы 3 маусым* *№10* *Аса ауылы*

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 14-бабының 8-1) тармақшасына, 113-1 бабының 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес Жамбыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2026 жылғы 12 шілдеге Жамбыл ауданы Бесағаш және Қызылқайнар ауылдық округтері әкімдерінің сайлауы тағайындалсын.

2. 2026 жылғы 12 шілдеге тағайындалған Жамбыл ауданы Бесағаш және Қызылқайнар ауылдық округтері әкімдерінің сайлауын әзірлеу мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың Күнтізбелік жоспары осы қаулының №1 қосымшасына сәйкес бекітілсін.

3. Осы қаулы Жамбыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясының интернет-ресурсында және аудандық «Шұғыла-Радуга» газетінде жариялансын.

**Комиссия төрағасы Е. АЛПЫСБАЕВ**
**Комиссия хатшысы О. ЗАТЫБЕКОВ**

## О НАЗНАЧЕНИИ ВЫБОРОВ АКИМОВ БЕСАГАШСКОГО И КЫЗЫЛКАЙНАРСКОГО СЕЛЬСКИХ ОКРУГОВ ЖАМБЫЛСКОГО РАЙОНА

*3 июня 2026 года* *№10* *село Аса*

В соответствии с подпунктом 8-1) статьи 14, подпунктом 1) пункта 1 статьи 113-1 Конституционного закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан» Жамбылская районная территориальная избирательная комиссия **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1. Назначить на 12 июля 2026 года в Жамбылском районе выборы акимов Бесагашского и Кызылкайнарского сельских округов.

2. Утвердить Календарный план основных мероприятий по подготовке и проведению выборов акимов Бесагашского и Кызылкайнарского сельских округов Жамбылского района, назначенных на 12 июля 2026 года, согласно приложению №1 к настоящему постановлению.

3. Опубликовать настоящее постановление на интернет-ресурсе Жамбылской районной территориальной избирательной комиссии и в районной газете «Шұғыла-Радуга».

**Председатель комиссии Е. АЛПЫСБАЕВ**
**Секретарь комиссии О. ЗАТЫБЕКОВ**

# Шуағы нұр болып төгілген басылым



**Мақсат ЖҰМАБАЕВ, «Шұғыла» газеті бас редакторының орынбасары.**

**Адам тағдыры кейде көзге көрінбейтін тылсым арналармен тоғысып жатады. Бір қарағанда кездейсоқ көрінген сәттердің өзі кейін тұтас ғұмырыңа бағыт-бағдар беретінін аңғармай қаласың. «Жазмыштан озмыш жоқ» деген халық даналығы осындайда еріксіз ойға оралады. Менің журналистика әлеміне келуім де дәл осындай тосын бұрылыспен басталған еді.**

Ол кезде ауданға қарасты Қаракемер ауылдық округіндегі Төле би атындағы орта мектепте қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ беріп жүргенмін. Ұстаздықтың қасиетті жолында жүргеніме жеті жылдан асып қалған. Ауыл мектебінің тіршілігі өз алдына бір әлем ғой. Таңғы қоңыраудан басталған қарбалас кешкілік дәптер тексерумен жалғасып, шәкірт жүрегіне білімнің шырағын жағуға ұмтылған күндер еді. «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» деп Абай хакім айтқандай, өз мамандығымды шын сүйіп атқардым.

Дегенмен адам жаны кейде өзгеше бір әлемге, руханияттың басқа бір биігіне ұмтылып тұрады екен. Жастайымнан өлең жазуға құмарым бар еді. Көңілдің көкжиегінде қылау берген сезімдерді қағазға түсіріп, кейде жүректің жырын жасыра алмай қалатынмын. Соның бірі – қазақ поэзиясының мұзбалағы Мұқағали Мақатаевтың 80 жылдық мерейтойына арнаған өлеңім. Сол туындым аудандық «Шұғыла-Радуга» газетінде жарық көрді. Кейін де ара-тұра өлеңдерім мен шағын дүниелерім басылым бетінде жарияланып тұрды. Осылайша газет редакторы Сансызбай Махамбетқұлов ағамен таныстығым қалыптасқан еді.

Бір күні жаңа жылдық мерекеге орай аудан орталығы Аса ауылындағы орталық алаңда думанды кеш өтіп жатқан. Қысқы кештің қылаулаған қары, самаладай жарқыраған шамдары, шат көңілді халық – бәрі-бәрі ерекше әсер сыйлайтын. Сондай бір сәтте көзім газет ұжымына түсті. Топталып мерекелік шараны тамашалап тұр екен. Жақындап барып, амандасып, жаңа жылмен құттықтадым.

Сол мезетте Сансызбай ағай маған байыппен қарап: – Сен кішкене кідіре тұршы, – деді.

Сәлден кейін оңаша шақырып алып: – Бізде корректор Гүлжан апай зейнет демалысына шықты. Газетке жұмысқа келуге қалай қарайсың? – деген ұсынысын айтты.

Шынымды айтсам, тосырқап қалдым. Себебі ол кезде ұстаздық қызметтен басқа салада еңбек етемін деген ой үш ұйықтасам түсіме кірмеген. Ағай сөзін жалғап: – Әрине, мұғалімдердің жалақысындай көп емес. Бірақ қаласаң, біз сені жұмысқа орналастырамыз, – деді.

Осы бір ауыз сөз мені бірнеше күн бойы терең ойға салды. Тіпті түн ұйқым төрт бөлінді десем артық емес. «Тәуекел түбі – желқайық» дейді ғой қазақ. Неге туған ауданымда, өз ортамда жаңа бір саланың есігін ашып көрмеске? Бәлкім, бұл да тағдырдың маған дайындаған соқпағы шығар деген ойға келдім.

Ақыры шешім қабылдадым.

Сол күн әлі күнге дейін жадымда жаңғырып тұр. Редакцияның есігін алғаш ашқандағы көңіл-күйімді сөзбен жеткізу қиын. Өзгеше бір шығармашылық әлемнің табалдырығын аттағанымды жүрегім сезгендей еді. Қоңырау шалдым. Ертесіне редакцияға жұмысқа қабылдандым. Директор-бас редактор Сансызбай Бертайұлы маған тек жұмыс беріп қана қойған жоқ. Әкеміздей қамқор, жүрек жылуын берді. Жазуымыздан бөлек, әрбір жүріс-тұрысымыздың, адалдық, адамгершілік қасиеттің ұлылығын сездірді.

Ұжымдағы іс жүргізуші Роза Әшімова құжаттарымды қабылдап, жылы қабақ танытып, жұмысқа кірістірді. Міне, сол күннен бастап менің журналистикадағы қызықты күндерім басталды.

Алғашқы екі жыл корректор болып еңбек еттім. Газет бетіндегі әр сөйлемнің тынысына үңіліп, әр үтірдің орнына мән беріп, тілдің тазалығына жауапкершілікпен қарауды үйрендім. Кейін жауапты хатшы қызметіне көтерілдім. Бұл мен үшін үлкен сенім әрі зор жауапкершілік еді.

Редакция – нағыз өмір мектебі екен. Мұнда әр адам бір-бір кітап секілді. Солардың ішінде газет тілшісі Нұрым Сырғабаев ағамыздың орны бөлек. Қаламы қарымды, сөзі өткір, ойы сергек журналист. Ол кісіден мен тек мақала жазуды ғана емес, сөздің салмағын сезінуді үйрендім. Кейде жазған өлеңдерімді көрсеткен кезде ұйқастарды да дұрыс қуаламайтынымды біліп, ұялатынмын. Нұрымның суырыпсалмалық ақындығы да бар. Редакцияға келген жастардың өлеңін көбінесе сол өңдеп қарайтын. «Журналистің қаруы – қалам, ал қаламның жүзі шындықпен суарылады» дейтін. Ол сөйлем құраудың, ойды көркем жеткізудің, оқырман жүрегіне жол табудың қыр-сырын көп үйретті.

Ал Дүйсенбек Орманов ағамыздың қамқорлығы тіпті бөлек. Ауыл шаруашылығы бөлімінің меңгерушісі болып қызмет атқарған Дүйсенбек Салымұлы мені егіс алқаптарына, еңбек адамдарының ортасына жиі ертіп баратын. «Журналист кабинетте отырып халықтың үнін жаза алмайды» деп айтатын. Дала төсіндегі диқандардың маңдай терін, еңбек адамының бейнетін қалай суреттеу керек екенін сол кісіден үйрендім. Кейде көлік ішінде келе жатып-ақ мақаланың тақырыбын қойып, кіріспесін қалай бастау керектігін айтып отыратын. Марқұм ағамыздың сондай сәттері қазір сағыныш болып жүректе қалды.

Редакциядағы аяулы жандардың бірі бухгалтер Алма Әлиева әпкеміз еді. Ол кісіні редакцияның анасы десем, артық айтқандық емес. Бәрімізге жанашыр болып, әрқайсымыздың жағдайымызды ойлап жүретін. Жылы сөзімен демеп, мейірімімен баурап алатын. Қазір арамызда болмаса да, бейнесі ұжым жадында мәңгі сақталып қалды. «Жақсының аты өлмейді» деген осы шығар...

Уақыт өте келе редакция жекешелендіруге өтті. Сол кезеңде Дәулет Төлендіұлы ұжымға қамқорлық танытып, редакцияның еңсесін тік-теуге үлкен үлес қосты. Қызметкерлердің жағдайы жақсарып, жалақы да өсті. Шығармашылыққа деген құлшыныс арта түсті. Бұл да болса басылымның жаңа тынысы еді.

Шындығында, «Шұғыла» – жай ғана газет емес. Ол – талай тағдырдың тоғысқан мекені, талай қаламгердің қанатын қатайтқан қарашаңырақ. Бұл басылымда елдің мұңы мен қуанышы, ауылдың тынысы мен уақыттың үні жатыр. Газет бетінде қаттал-ған әр мақала тұтас дәуірдің шежіресіне айналары сөзсіз.

Қазақтың көрнекті жазушысы Ғабит Мүсірепов: «Сөз сөзге жарығын да түсіреді, көлеңкесін де түсіреді» деген екен. Осы сөздің қадірін мен дәл осы редакцияда жүріп терең ұқтым. Журналистика маған тек мамандық емес, өмірдің өзін үйретті. Адам тануды, қоғамды түсінуді, қарапайым еңбек адамының қадірін бағалауды ұғындырды.

Алпыс жылдық тарихы бар «Шұғыла» газетінің шамшырағы ешқашан сөнбесін! Қаламы қуатты журналистері көбейіп, оқырманымен арадағы алтын көпірі бекем болсын. Ел руханиятының еңсесін тіктеп келе жатқан басылымның мерейі әрдайым үстем болғай!



**Ильяс ҚАЛЫБЕКОВ, «Шұғыла-Радуга» газетінің жауапты хатшысы.**

**Жамбыл аудандық «Шұғыла-Радуга» газеті – 60 жылдық тарихы бар беделді басылым. Сонау 1966 жылдың 1 шілдесінен бастап шыққан газетіміз әлі күнге дейін мыңдаған оқырманын өңірдің тыныс-тіршілігінен хабардар етіп, аудандағы түрлі салаларға ақпараттық қолдау көрсетіп келеді. Жергілікті жұрттың үнін атқарушы билікке жеткізіп, өзекті де түйткілді мәселелердің шешілуіне үн қосып, жағымды жаңалықтарды жариялауда. Жалпы, біздің басылым мақалаларының сан алуандығымен ерекшеленеді.**

# Қалай тілші болдым?

Журналистік қызметке қалай келгеніме, қалай тілші болып қалыптасқаныма кеңінен тоқталғым келеді. 2015 жылдың шілде айында жас маман ретінде газет табалдырығын аттадым. Сол кездегі басылымның бас редакторы Сансызбай Махамбетқұловқа жолығып, тілші болып жұмысқа орналасуға ниетті екенімді жеткіздім. Сансызбай Бертайұлы жылы қабылдап, тілшілер отыратын бөлмеге алып барды. Ол кабинетте сол кездегі аудан айнасының айнасы, газеттің бөлім меңгерушісі Дүйсенбек Орманов отыратын. Дүйсенбек Салымұлымен таныстырып, жанындағы орындыққа отырғызды. Ендігі кезекте осы жерде отыратынымды, Дүйсен ағайдан тәлім алатынымды жеткізді.

Шынтуайтында, газетке бірден бейімделіп кете алмадым. Сансызбай Бертайұлы мен Дүйсенбек Салымұлы тілші болып қалыптасуыма көп көмегін тигізді. Сансызбай ағай маған түсінікпен қарап, сенім артып, әрдайым қолдап жүрді. Күніне жоқ дегенде 5-6 мақала жазатын Дүйсенбек ағайым кей кездері мақалаларына мені автор етіп жіберетін. Бас редактордың орынбасары болған, қазіргі уақытта газетті тізгіндеп отырған Нұрасыл Сұлтанбаевтың кабинетіне шақырып, жазған мақалаларыңды алдымен маған әкел, қарап шығамын, одан кейін ағайға өткізесің деп ағалық қамқорлығын көрсеткені, мақалаларымды талай мәрте өңдеп бергені кәдімгідей демеу болды. Корректор, бүгінде бас редактордың орынбасары Мақсат Жұмабаев ағайдан жазған мақалалардағы сөйлемдерге тыныс белгілерін қалай қою, іс-шараларды қалай суретке түсіру керектігін үйрендім. Қызметке қатар келген тілші-аудармашы Айдана Қуатованың да көп көмегі тиді. Өзімнің туған әпкемдей болып кеткен дизайнер Ғалия Әлиеваның жас маман кезімдегі тәртібіме жанашырлықпен қарап, арасында ешкімге білдірмей тәртіпке салып тұрғаны жүріс-тұрысымды түзеуіме ықпал етті. Ал, журналистік қызметке келуіме себепші болған басылымның бұрынғы бухгалтері Алма Әлиева екінші анамдай еді. Жаны жайсаң, жайдарлы жан әркез қолдап, қолпаштап отыратын. Өкінішке қарай, Алма әпкем де, Дүйсенбек ағайым да келмеске кетті. Алла алдарынан жарылқасын.

Алдағы уақытта журналист деген атқа лайықты болып жатсам, демек, жоғарыда есімі аталған кісілердің маған сіңірген еңбегінің ақталғаны деп білемін. Өйткені, екі жылға жуық уақытта ақпарат жазуға жарайтын жай тілші болып қалыптастым. Нағыз тілші болу үшін әлі де көп еңбек ету керек еді. Түсінгенім, тілшілік жазумен қатар, еңбексүйгіштік пен табандылықты және ерік-жігерді қажет етеді. Біздің басылымды санамағанда, ешқандай газетте жас маманға тілші болып кетуіне екі жылдай уақыт берілмейді. Бірақ мен қызмет ететін газетте адамгершілік пен бауырмалдық қашанда қызметтен жоғары тұрады. Бұл игі дәстүр газеттің негізі қаланған кезден бері жалғасып жатыр. Әлі күнге дейін солай. Ізгілікті ту еткен аға буынның салған сара жолымен жүріп келеміз.

60 жылдық мерейтой қарсаңында жаңару мен жаңғыру жолына түскен басылымның ескірген редакция ғимараты күрделі жөндеуден өтіп, заманауи кейіпке енді. Редакция ауласы абаттандырылып, сәндік ағаштар отырғызылды. Бір сөзбен айтқанда, газет ұжымының қолайлы ортада жұмыс жасауына жағдай жасалды. Ендігі кезекте, өзімізге жүктелген міндеттерді мінсіз орындап, басшылықтың сенімін ақтауға жауаптымыз. Ауданның айнасы деген атқа лайықты екенімізді күнделікті жасайтын жұмысымызбен көрсетуге, газетіміздің мазмұнды әрі сапалы болып шығуына мүddеліміз. Алар асуымыз алда. Оқырманымыз да, жазарымыз да көп болсын!

Соңы. Басы 1-бетте

# ПАРТИЯ ЖҰМЫСЫНЫҢ БАСТЫ ӨЛШЕМІ – ХАЛЫҚ СЕНІМІ





Бүгінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын жүзеге асыру бағытында партия мүшелері тұрғындармен тығыз байланыс орнатып, халық көтерген мәселелердің шешімін табуға белсенді атсалысып келеді.

Қазіргі таңда партияның Жамбыл аудандық филиалы құрамында 15 бастауыш партия ұйымы, 107 партиялық топ жұмыс атқарады. Олардың қатарында 4019 партия мүшесі бар. Есепті кезеңде партия қатарына 409 жаңа мүше қабылданды.

Есепті кезеңде аудандық филиалдың 13 кезектен тыс конференциясы, Саяси кеңес Бюросының 29 отырысы және Саяси кеңестің 3 отырысы өткізілді. Бұл жиындарда Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындау, партияның Сайлауалды бағдарламасын жүзеге асыру, партиялық тәртіпті нығайту және сайланбалы органдарға кандидаттар ұсыну мәселелері қаралды.

Партияның басты міндеттерінің бірі – сайлаушыларға берген уәделердің орындалуын қамтамасыз ету. Осы мақсатта ауданымыздың әлеуметтік-экономикалық даму бағдарламасы негізінде «Amanat» партиясының Сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі Жол картасы әзірленіп, жүйелі жұмыстар жүргізілуде.

Білім беру саласында жаңа мектептер салынып, қолданыстағы білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық базасы нығайтылуда. Партияның Сайлауалды бағдарламасы аясында 2023 жылы Шоқай ауылында №3 орта мектеп пайдалануға берілді. 2025 жылы Бәйтерек ауылындағы Ыбырай Алтынсарин атындағы мектеп пен Шайдана орта мектебі ел игілігіне тапсырылды. Биыл Қостөбе және Тоғызтарау ауылдарындағы білім беру нысандарының құрылысы аяқталып, пайдалануға беріледі деп жоспарлануда.

Тұрғындарды сапалы ауызсумен қамтамасыз ету бағытында да ауқымды жұмыстар жүргізілді. Бесағаш, Түркісіб, Қаракемер, Жаңаөткел, Жұма станциясы, Ерназар, Бектөбе және Қызылшарық ауылдарында су құбыры



желілерін салу және жаңғырту жұмыстары атқарылды.

Мәдениет саласында Ақбұлым, Қызылқайнар және Ш.Ниязбеков ауылдарында жаңа мәдениет нысандары бой көтерді.

Денсаулық сақтау саласында Қаракемер, Шайқорық, Жаңаөткел, Қостөбе, Тоғызтарау және Қарасу ауылдарында дәрігерлік амбулаториялар салынып, Өрнек ауылындағы медициналық нысан күрделі жөндеуден өткізілді.

Сонымен қатар Айшабибі, Гродеково, Қаракемер, Өрнек, Бесағаш және Қарой ауылдарында бұқаралық іс-шаралар өткізу орталықтары ашылып, жаңа жұмыс орындары құрылды.

Көлік инфрақұрылымын жақсарту мақсатында аудандық және ауылішілік жолдарды жөндеу жұмыстары жалғасуда. Мұның барлығы тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруға және ауданның тұрақты дамуына бағытталған.

Партияның әлеуметтік жобалары халықтың түрлі санаттарын қолдауға бағытталды. Есепті кезеңде бастауыш партия ұйымдарының қызметін қолдау мақсатында партиялық жарналардың бір бөлігі ұйымдарға қайтарылып, олардың материалдық-техникалық базасын нығайтуға жұмсалды.

«Балаларды мектепке даярлайық!» акциясы аясында әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасылардың балаларына көмек көрсетілді. «Ұлттық мұра» жобасы арқылы ұлттық құндылықтарды насихаттауға бағытталған шаралар өткізілді.

Сондай-ақ «Ардагерлерді ардақтайық», «Кедергісіз келешек» және «Бақытты отбасы» жобалары аясында көптеген әлеуметтік және тәрбиелік іс-шаралар ұйымдастырылды.

Ұлттық спорт түрлерін дамыту және салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында түрлі жарыстар мен бұқаралық шаралар өткізілді.

Биылғы есеп беру-сайлау жиналыстарына екі мыңнан астам партия мүшесі қатысып, тұрғындарды алаңдатқан өзекті мәселелер мен алдағы міндеттер кеңінен талқыланды. Сонымен қатар бес бастауыш партия ұйымының төрағасы жаңадан сайланды.

Осы ретте «Өрнек», «Жетітөбе», «Аурухана», «Гродеково», «Орталық», «Айшабибі» және «Тоғызтарау» бастауыш партия ұйымдарының белсенді жұмысын ерекше атап өткен жөн.

Партия жұмысының басты бағыттарының бірі – тұрғындармен тығыз байланыс орнатып, олардың өтініштері мен ұсыныстарының оң шешілуіне ықпал ету.

Есепті кезеңде қоғамдық қабылдау бөлмесіне 870 өтініш түсіп, оның 579-ы оң шешімін тапты. Қалған өтініштер бойынша заң аясында тиісті түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Халыққа қолжетімділікті арттыру мақсатында қоғамдық қабылдау жұмысы проактивті форматта ұйымдастырылып, шалғай ауылдарда мобильдік қабылдаулар өткізілді. Жалпы 15 мобильдік қабылдау өткізіліп, 142 өтініш қаралды. Оның 87-сі оң шешімін тапты.

Аудандық мәслихаттағы депутаттық фракция халықтың әл-ауқатын арттыруға және партияның сайлауалды бағдарламасының орындалуын қамтамасыз етуге бағытталған жұмыстар жүргізді.

Осы аралықта депутаттық фракцияның 15 отырысы өткізіліп, ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуы, инфрақұрылымдық жобалар және тұрғындар көтерген мәселелер қаралды.

Партиялық бақылау комиссиясы партиялық тәртіптің сақталуына, бағдарламалар мен жобалардың орындалуына тұрақты бақылау жүргізіп отырды.

Сонымен қатар партияның аудандық филиалы жастар мәселесін әрдайым басты назарда ұстап келеді. Бүгінде аудандық филиал жанындағы «Жастар рухы» жастар қанатының құрамында екі мыңнан астам белсенді жас бар.

Олар қоғамдық-саяси науқандарға, қайырымдылық акцияларына және партиялық жобаларға белсенді қатысып, қоғам өмірінен өз орындарын табуда.

Ақпараттық жұмыс бағытында партия қызметі аудандық бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілерде тұрақты жарияланып отырды. Бұл жұмыстар партия қызметінің ашықтығын қамтамасыз етіп, тұрғындармен тиімді кері байланыс орнатуға мүмкіндік берді.

Бүгін біз үш конференция аралығында атқарылған жұмыстарды саралап, алдағы міндеттерімізді айқындадық.

Қол жеткізілген нәтижелер – партия мүшелерінің, бастауыш партия ұйымдарының, депутаттық корпустың және партия белсенділерінің бірлескен еңбегінің жемісі.

Алдағы уақытта да Мемлекет басшысының саясатын қолдау, партияның бағдарламалық міндеттерін сапалы орындау, ауданымыздың тұрақты дамуын қамтамасыз ету және тұрғындардың әл-ауқатын арттыру бағытындағы жұмыстарымызды жалғастыра береміз.

Біздің басты мақсатымыз – халық сенімін ақтау, ел бірлігін нығайту және Жамбыл ауданының дамуына өз үлесімізді қосу.



Соңы. Басы 1-бетте

# ӘНҰРАНЫМ – АЙБЫНЫМ, КӨК БАЙРАҒЫМ – БАЙЛЫҒЫМ!

– Мемлекеттік рәміздер күні құтты болсын. Ту, Елтаңба және Әнұран – еліміздің тәуелсіздігі мен егемендігінің, халқымыздың бірлігі мен болашаққа деген сенімінің айқын белгісі. Рәміздеріміз – әрбіріміздің жүрегімізде мақтаныш сезімін оятып, Отанға деген сүйіспеншілікті нығайтатын қасиетті құндылықтар.

Бүгінде елімізде әділетті қоғам құруға, заң үстемдігін қамтамасыз етуге, экономиканы дамытуға және азаматтардың әл-ауқатын арттыруға бағытталған ауқымды реформалар жүзеге асырылуда. Мемлекет басшысының бастамасымен жүргізіліп жатқан өзгерістер Қазақстанның тұрақты дамуына, өңірлердің өркендеуіне және халықтың өмір сапасын жақсартуға жаңа мүмкіндіктер ашуда.

Осындай маңызды кезеңде мемлекеттік рәміздеріміз ел бірлігінің, қоғамдық келісім мен тұрақтылықтың нышаны ретінде ерекше мәнге ие. Әрбіріміз Туымызды құрметтеп, Елтаңбамызды қастерлеп, Әнұранымызды мақтанышпен орындау арқылы Отанымыздың дамуына өз үлесімізді қосамыз.

Баршаңызға зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық, еңбектеріңізге табыс тілеймін. Тәуелсіз Қазақстанымыздың көк байрағы әрдайым биікте желбіреп, еліміздің абыройы асқақтай берсін, – деді өңір басшысы өз сөзінде.

Келесі кезекте ауданның қоғамдық-саяси өмірінің дамуына, патриотизмді нығайтуға үлес қосқан Есенгелді Ошақбаев, Біржан Жарылқасынов, Ерғали Айтақов, Сейсеналы Райымқұлов, Бекжан Әлібаев, Болат Ермек аудан әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

Мерекелік шара аудандық Мәдениет үйі өнерпаздарының арнайы дайындаған концерттік бағдарламасымен түйінделді.

Мемлекеттік рәміздер елдің өткенінен мол сыр шертеді. Сол арқылы оның болашағының кепіліне айналады. Бүгінгі мерекелік іс-шараның тек жас ұрпақты ғана емес, барша тұрғынның бойында патриоттық сезімді оятары анық. Айтулы шарадан түйген пайымды ой осы.

ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ

# Жаңа цифрлық жүйе қалыптастырылуда

**Бүгінде «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» денсаулық сақтау саласындағы қаржы ағындарын басқарудың кешенді цифрлық моделіне көшуде.**

Мемлекет басшысының тапсырмасы мен ҚР Премьер-Министрінің тапсырмасын орындау аясында жаңа цифрлық Qalqan жүйесі қалыптастырылуда. Жоба қор қызметін толық цифрландыруға, технологиялық алшақтықтарды жоюға және қолмен орындалатын операцияларды болдырмауға бағытталған. Бұл саладағы барлық негізгі шешімдердің бірыңғай әрі сенімді деректер негізінде қабылдануын қамтамасыз етеді.

Qalqan платформасының басты ерекшелігі – Қаржы министрлігінің контурындағы заманауи технологиялық платформада орналастырылуы. Бұл дайын мемлекеттік IT-шешімдерді пайдалануға және денсаулық сақтау жүйесінің бюджетіне қосымша шығын түсірмей интеграциялауға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, платформа медициналық ақпараттық жүйе болып табылмайды. Емдеу-диагностикалық үрдісіне араласпайды және дәрігерлерге қосымша әкімшілік жүктеме түсірмейді. Оның негізгі мақсаты – қаржының абсолютті ашықтығын қамтамасыз ету, көрсетілген қызметтерді верификациялау және МӘМС қаражатына қатаң бақылау орнату.

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» басқарма төрағасының орынбасары Индира Ерденованың айтуынша, қазіргі уақытта Қор қызметі тек ішінара цифрландырылған. Бұл процестердегі белгілі бір алшақтықтардың сақталуына және кейбір операциялардың қолмен орындалуына әкеліп келді. Qalqan платформасы – біздің түбегейлі жаңа деңгейге өтуіміз, жекелеген операцияларды жай есепке алудан бастап шығындар мен олардың тиімділігін толық басқаруға дейінгі жол. Біз медициналық ақпараттық жүйелерді, клиникалардың бухгалтерлік бағдарламаларын және мемлекеттік дереккөздерді байланыстыратын бірыңғай модель қалыптастырып жатырмыз. Бұл бізге тарифтерді жедел түзетуге және олардың бюджетке әсерін бірден көруге мүмкіндік беретін бірегей «бюджетті оркестрлеу» құралын енгізуге жол ашады. Ең бастысы – жүйе әрбір нақты пациентке жұмсалған шығындарды толықтай даралындырып, бұл ақпаратты оның жеке цифрлық ресурстарына шығаруды қамтамасыз етеді.

Qalqan платформасының пилоттық іске қосылуы 2026 жылғы 16 наурызда өтті. Бүгінде жүйеге еліміздегі барлық медициналық ұйымдар, яғни 1700-ден астам клиника мен шамамен 5000 бірлесіп орындаушы тартылған. Қазіргі уақытта оларды толық цифрландыру кезеңі жүріп жатыр. Медициналық ұйымдар жүйеге лицензиялары, инфрақұрылымы (өндірістік базалары) және өзге де ресурстары туралы верификацияланған мәліметтерді енгізуде. Бұл еліміздегі медициналық қызмет көрсетушілердің алғашқы бірыңғай әрі сенімді базасын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Платформа аясында жүйеге деген ұзақмерзімді сенімнің негізіне айналатын озық бақылау құралдары енгізілуде. Атап айтқанда, тіркелмеген қызметтерді болдырмау үшін медициналық көмектің нақты көрсетілгенін QR-код арқылы растау тетігі енгізілуде. Бұл ретте, eGov инфрақұрылымы мен екінші деңгейлі банктердің үйреншікті сервистері пайдаланылады. Бұл құралдың қосымша жүктемесіз жаппай қолданылуын қамтамасыз етеді.

Платформа медициналық ақпараттық жүйелерге (оның ішінде Damumed, «Надежда» МАЖ және т.б.) тікелей қосылады. Қазіргі уақытта тестілеу кезеңі аяқталуға жақын. Бұл бастапқы деректерді тікелей алуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, аурухааналардың ішкі бухгалтерлік жүйелерін (оның ішінде 1С базасындағы жүйелерді) қосу жұмыстары жүргізілуде. Осы деректер негізінде автоматтандырылған «тарифтік экономика» блогы әрбір медициналық қызметтің нақты өзіндік құнын есептейтін болады.

Qalqan платформасын енгізу медициналық ұйымдардағы қаржылық бақылау жүйесін түбегейлі өзгертіп, оны мемлекет, медициналық ұйымдар және Қазақстанның әрбір азаматы үшін барынша ашық етеді.

**«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ баспасөз қызметі.**

БІР ҮЗІК СЫР

**«Бар екен, бар екен ғой жақсы адамдар» демекші, парасатты жандардың арқасында асыл сөз арзандамайды. Олар – адамның қадірін, еңбектің нарқын, таланттың парқын біледі. Сондай жаны жайсаң жақсы адамдардың бірі – Жамбыл ауданы Өрнек ауылында дүниеге келген Әбдіжапар Омаров.**

# Жаны жайсаң Әбдіжапар аға



Әбдіжапар Омарұлы болмысынан жақсы адам. Әлі күнге дейін адамдықтан айнымаған абзал жан. Ол кісінің бойында «Жақсының қасиеті – жарастыру» бар. «Жақсы көрісіп, келістіреді» дегендей, айналасын, өзінің ізінен ерген еркін ойлы адамдарды ортақ іске жұмылдыра алатын қасиетімен ерекшеленеді. Біреуді алалағанын көрмеппіз. Барлығына да бірдей қарайды.

Ағаны қалада тұрады демесең, жаны, жүрегі, көңілі, ойы, ділі қазақ деп тұрады. Басшылық қызметте болған жылдары бастықпын деп, өзі ғана сөйлей бермейтін, көбіне үлкендерге сөз беретін, үлкен-кішіге қарай аға буынның бәрін тыңдай алатын, әркімге тұлға деп қарап, өзі сенген лауазымды кісілеріне билік беретін басшы еді. Жақсы адамның жанын көре алатын, алыстан айнытпай танитын. Жастардың көзінше сыртынан кісі жамандамайтын.

«Жақсы адам – Алланың нұры» дейді. Бірінші байлығым халқым деп білген, ойы да, бойы да биік, сөзі де, ісі де ірі, жаны мен қолы бірдей таза, кішілік пен кісіліктен жаралған, періште пейілді, тұғыры биік тұлғамен бірге өсіп, жетілдік. Жақсы ағаммен бауыр болып, бірге өткізген күндерді тіршіліктегі нұрлы бір кезеңім деп сағынышпен еске аламын.

Биіктегі пенденің басы айналмай тұрмайды. Соның өзінде әз-аға жақсының жолын, жастардың тілеуін кеспей, ешкімге көлеңкесін түсірмей, қисайғанды түзеп, жығылғанды сүйеп, айналасына шуағын төгіп жүрді. Өз басым Әбекең пендешілікке – парасатты, ұсақтыққа – ірілікті, қастыққа – достықты, кертартпаға кісілікті қарсы қойып өмір сүрді. Қайсыбіреулер қолына билік тиіп, таққа отырса, өзін қолдан құйылған мүсіндей, будда құдайындай сезінетіні бар. Біздің ағамыздың бойында жасандылық әлі күнге дейін жоқ.

Асқар таудай аға. 75 жасқа келген мерейтойыңыз құтты болсын! Бізге берген өнегелі тәрбиеңіз, маңдай теріңізбен тапқан адал асыңыз бен ақыл-кеңестеріңіз – біз үшін баға жетпес байлық. Ғұмырлы болыңыз. Немере-шөберелердің қызығына тоймай, ортамызда аман-есен жүре беріңіз. Сіздің әрқашан аман-сау болуыңыз – біздің бақытымыз.

**Әбдіманап АҚШАЛОВ,**
**зейнеткер.**

ЖАМБЫЛ АУДАНДЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ
ŞŪĞYLA-RADUGA
Газет 1966 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады

**МЕНШІК ИЕСІ:**
**«Шұғыла-Радуга» газеті редакциясы» ЖШС**

**Бас редактор:**
**Нұрасыл СҰЛТАНБАЕВ**

Қабылдау бөлмесі: 2-17-98
Бас редактормен тікелей байланыс: 87765549701

| | | |
|---|---|---|
| **Бас редактордың орынбасары:** | Мақсат ЖҰМАБАЕВ | 87059774177 |
| **Жауапты хатшы:** | Ильяс ҚАЛЫБЕКОВ | 87474240395 |
| **Тілшілер:** | Шұғыла АҚШАБАЙ | 877770284244 |
| | Құрбанәлі Шахабай | 87788758489 |
| | Жұматай Көксубайұлы | 87088419629 |
| **Дизайнер-теруші:** | Ғалия АЛИЕВА | 87075853423 |
| **Бас редактордың орынбасары:** | 2-20-24 | |
| **Тілшілер:** | 2-13-44 | |

**Газет ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде 07.10.2021 жылы қайта тіркелген.**
**Тіркеу куәлігі №KZ87VPY00041240**

*Редакция авторлардың көзқарасы, жарнама мазмұны үшін жауап бермейді. Жарияланбаған хатқа жауап қайтарылмайды.*

*Газет «Шұғыла-Радуга» газеті редакциясында компьютерде теріліп, беттелген. Қалыбы «Қанатты қалам әлемі» ЖШС-нде жасалып, көбейтілді. 080012, Тараз қаласы, Төле би көшесі 36 Б.*

Таралымы 3031   Тапсырыс №369

**Нөмірдің кезекшісі:** Мақсат ЖҰМАБАЕВ

*Газет аптасына 2 рет, сәрсенбі, жұма күндері шығады.*
*Газета выходит 2 раза в неделю, в среду и в пятницу.*

**Индекс: 68991**

***Электронды пошта: sugyla@bk.ru***

Біздің мекенжайымыз: Индексі 080200, Аса ауылы, Абай көшесі 78-үй.